

**"Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 110 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 358 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 шілдеде № 13864 болып тіркелді

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабы 1-тармағына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 110 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде (№ 10539 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі тіркеуді жүргізу ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тілінде мәтіні өзгермейді:

«Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Осы Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленіп, құқықтық кадастрды жылжымайтын мүлікке бұрын туындаған құқықтар (құқықтық ауыртпалықтар) туралы мәліметтермен толықтыру мақсатында құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізудің мерзімі мен тәртібін айқындайды және есепке алу сипатында болады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«3. Осы Қағидалар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдарына, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдарына, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органдарына, тіркеуші органға (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) қолданылады.»;

5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«5. Осы Қағидаларда мынадай терминдер және анықтамалар пайдаланылады:»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жылжымайтын мүлікке бұрын туындаған құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) жүйелі түрде тіркеу құқық иеленушілердің өтініші келіп түскен және (немесе) бұрын туындаған құқықтар (құқықтық ауыртпалықтар) туралы шынайы деректер басқа ақпараттық жүйелерден ауыстырылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«8. Осы Қағидалардың 6-тармағында аталған мемлекеттік органдар ақпаратты тіркеуші органға жүйелі түрде тіркеу шеңберінде өтеусіз негізде ұсынады.»

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті (В.Қ. Калимова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін оны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі Қазақстан Республикасының  
Б. Имашев « К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі  
Д. Абаев  
2016 жылғы 28 маусым

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
Б. Сұлтанов  
2016 жылғы 2 маусым

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
Қ. Бишімбаев  
2016 жылғы 22 маусым